

UDC 78
DOI 10.59850/SARYN.2.12.2024.184

Асет Шалабаевич Джумабаев*

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы домбыра кафедрасының 2-ші курс докторанты (Алматы, Қазақстан)

ORCID ID: 0009-0000-8795-7048

email: aset.dzhumabaev@bk.ru

Айжан Рахманқұлқызы Бердібай

Философия докторы (PhD), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы музыкатану және композиция кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан)

ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

email: a.berdibay@mail.ru

Мақала

Дәйексөз үшін: Джумабаев, Асет, және Айжан Бердібай. «Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің музыкалық шебері – Қамар Қасымов». *Saryn*, т. 12, № 2, 2024, 54–74 б.
DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.180.

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Редакцияға түсті: 06.04.2024

Рецензиядан өтті: 29.04.2024

Басылымға қабылданды: 17.05.2024

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің музыкалық шебері – Қамар Қасымов

* Жауапты автор

email: aset.dzhumabaev@bk.ru



© 2024 The Author(s). Published by Kurmangazy Kazakh National Conservatory. This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivatives License (<http://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>), which permits non-commercial re-use, distribution, and reproduction in any medium, provided the original work is properly cited, and is not altered, transformed, or built upon in any way.

Тірек сөздер: Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі, Василий Андреев, Қамар Қасымов, жетілдіру, домбыра, музыкалық шебер, этноорганология, дәстүрлі музыкалық терминдер.

Аңдатпа. Мақала тақырыбының өзектілігі биыл 90-жылдық мерейтойы аталып өткелі жатқан еліміздің мәдени өмірінде маңызы зор ұжым – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі шығармашылығымен байланысты.

1934 жылы құрылған бұл ұжымның академиялық бағытта қалыптасып дамуы дәстүрлі музыка аспаптарының құрылысына айтарлықтай өзгешіліктер енгізілуін қажет етті. Жаңарған үлгіде дайындалған аспаптардың жасалуына бір топ музыка шеберлерінің ішінде Қамар Қасымов (1893–1966) та болды.

Мақаланың мақсаты – шебердің XX-шы ғасырдың 30-шы жылдары ашылған қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің аспаптарын жасап жетілдірудегі тарихи еңбегін ашып айқындау болып табылады. Оған жету үшін мақалада:

1. Қ. Қасымовтың өмірлік және шығармашылық жолы және қазақ оркестрі аспаптарын жетілдіру тарихы туралы дереккөздермен танысу;
2. ішектерінің дайындалуы мен перне байлау жүйесін қарастыру;
3. шебер қолданған батысқазақстандық домбыра қалыбы және шығысқазақстандық домбыраның өлшемдерін анықтау;
4. домбыра бөліктерінің Қ. Қасымов қолданған дәстүрлі атауларын көрсету секілді зерттеу міндеттері қойылады.

Мақалада кешенді және жүйелі тәсілдер, жүйелі-этнофониялық (Игорь Мациевский), және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Домбыра қалыбы мен аспаптың шығысқазақстандық түрінің зерттелуінде морфологиялық және эргологиялық талдау ұсынылған.

Ұлттық музыка мәдениетіміздегі Қ. Қасымовтың рөлін ашатын алғашқы мақала отандық этноорганологияда бұрын арнайы қарастырылмаған мәселе – 1930–2020 жылдарындағы музыка аспаптары шеберлерінің өнерін зерттеуге серпін беріп, осы саланың қазіргі кездегі мамандарына домбыра тобы аспаптарын әрі қарай жетілдірудің бағыт-бағдарын көрсетеді; домбыра құрылымындағы бөліктердің дәстүрлі атауларын жандандыруды көздеп, елімізде Қ. Қасымов және оның замандастары тәжірибесі ескерілетін мемлекеттік музыка шеберханаларының ашылуы мәселесін насихаттайды.

Авторлардың үлесі

А. Ш. Джумабаев – қазақ музыкалық аспаптар шебері Қ. Қасымов туралы архив деректері мен жарияланған еңбектер мәліметтерін жинау, оның жасаған домбыра нұсқалары құрылысының өлшемін шығару, мәтінді дайындау, дереккөздер тізімін рәсімдеу.

А. Р. Бердібай – мақала жоспарын жөндеу, материалды жүйелеу, мәтінді редакциялау, аңдатпаны жазу.

UDC 78
DOI 10.59850/SARYN.2.12.2024.184

Asset Jumabayev*

2nd year Doctoral Student, Dombra Department,
Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0009-0000-8795-7048

email: aset.dzhumabaev@bk.ru

Aizhan Berdibay

PhD in Arts, Associate Professor, Musicology and Composition Department,
Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

email: a.berdibay@mail.ru

Cite: Jumabayev, Asset, and Aizhan Berdibay.
"Kamar Kassymov, a Musical Instruments
Artisan for the Kurmangazy Kazakh National
Orchestra of Folk Instruments." *Saryn*, vol. 12,
no. 2, 2024, pp. 54–74.
DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.180.
(In Kazakh)

*The authors' final version of the manuscript
has no conflict of interests.*

Received by editorial: 06.04.2024

Passed the review: 29.04.2024

Accepted to publish: 17.05.2024

Article

Kamar Kassymov, a Musical Instruments Artisan for the Kurmangazy Kazakh National Orchestra of Folk Instruments

* Corresponding author
email: aset.dzhumabaev@bk.ru

Keywords: Kurmangazy Kazakh National Orchestra of Folk Instruments, Vassily Andreyev, Kamar Kassymov, reconstruction, dombra, traditional musical terms.

Abstract. The significance of the Kurmangazy Kazakh National Orchestra of Folk Instruments for the culture of Kazakhstan is immense, and the local cultural community celebrates its 90th anniversary this year. In 1934, the task of academizing the Kazakh Folk Orchestra, following the model of Andreyev Russian Folk Orchestra, necessitated innovations. Specifically, the reconstruction of certain Kazakh musical instruments was undertaken by a group of Kazakh musical instrument artisans, including Kamar Kassymov (1893–1966).

This article aims to highlight the historical contribution of K. Kassymov to both the reconstruction and development of Kazakh orchestral instruments. The article addresses four key tasks:

1. Familiarization with sources: This includes exploring personal information about K. Kassymov, his life and creative path, as well as the reconstruction of Kazakh musical instruments.
2. Characteristics of parameters: Specifically, the methods for making strings and attaching frets to the dombra neck.
3. Determining component dimensions: Comparing the body construction of the West Kazakhstan dombra with its East Kazakhstan variety.
4. Introducing dombra parts' designations: K. Kassymov's unique terms related to dombra components.

The study employs complex and systematic approaches, including the systemic-ethnophonic method (developed by Igor Matsievsky) and comparative-typological analysis. Morphological and ergological analyses were conducted while studying the West Kazakhstan dombra body and its Eastern Kazakh variety.

The results of the study not only shed light on K. Kassymov's innovations but also contribute to the revival of traditional Kazakh music terminology related to dombra components. Additionally, it highlights the challenges faced by Kazakh musical instrument state workshops, considering the achievements of both K. Kassymov and his contemporaries.

Contribution of the authors

Asset Jumabayev – collecting archival and published sources about the activities of the Kazakh musical instruments' artisan K. Kassymov, measuring the structure of the dombras he made, preparing the text, compiling a list of sources.

Aizhan Berdibay – correcting the outline of the article, systematizing the material, editing the text, writing an abstract.

UDC 78
DOI 10.59850/SARYN.2.12.2024.184

Асет Шалабаевич Джумабаев*

Докторант 2-го курса кафедры домбры Казахской национальной консерватории имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0000-8795-7048

email: aset.dzhumabaev@bk.ru

Айжан Рахманкулкызы Бердибай

Кандидат искусствоведения, доцент кафедры музыковедения и композиции Казахской национальной консерватории имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

email: a.berdibay@mail.ru

Статья

Музыкальный мастер Казахского национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы – Камар Касымов

Для цитирования: Джумабаев, Асет, и Айжан Бердибай. «Музыкальный мастер Казахского национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы – Камар Касымов». *Saryn*, т. 12, № 2, 2024, с. 54–74. DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.180. (На казахском)

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Поступила в редакцию: 06.04.2024
Прошла рецензирование: 29.04.2024
Принята к публикации: 17.05.2024

* Корреспондирующий автор
Email: aset.dzhumabaev@bk.ru

Ключевые слова: Казахский национальный оркестр народных инструментов имени Курмангазы, Василий Андреев, Камар Касымов, музыкальный мастер, реконструкция, домбра, этноорганология, традиционные музыкальные термины.

Аннотация. Актуальность темы статьи обусловлена огромным значением в культурной жизни страны творчества Казахского национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы, 90-летие которого музыкальная общественность нашей республики отметит в этом году.

Данный творческий коллектив был создан в 1934 году по типу оркестра русских народных инструментов имени Василия Андреева. Академическая ориентация нового оркестра обусловила необходимость значительных конструктивных изменений в строении традиционных музыкальных инструментов, в деле осуществления которых принимала участие целая группа музыкальных мастеров, в том числе и Камар Касымов (1893–1966).

Цель статьи – показать исторический вклад этого музыкального мастера в процесс реконструкции и развития инструментов оркестра. В этой связи в статье ставятся такие задачи, как:

1. ознакомление с материалами о жизненном и творческом пути К. Касымова и реконструкции инструментов;
2. характеристика способов изготовления струн и навязывания ладков домбры;
3. обмер частей шаблона западноказахстанской домбры и определение размеров частей этого инструмента восточноказахстанской разновидности;
4. представление традиционных обозначений частей домбры, использовавшихся К. Касымовым.

В исследовании были использованы комплексный и системный подходы, а также системно-этнофонический (Игорь Мациевский) и сравнительно-типологический методы. При изучении шаблона домбры и ее восточноказахстанской разновидности был осуществлен морфологический и эргологический анализ.

Результаты исследования могут положить начало новому направлению в отечественной этноорганологии – изучению деятельности других мастеров, реконструировавших инструменты домбровой группы Казахского национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы в разные периоды его истории (1930–2020); способствовать возрождению традиционных казахских терминов при обозначении составных частей домбры. Также статья актуализирует проблему создания государственных музыкальных мастерских, в работе которых учитывались бы достижения К. Касымова и его современников.

Вклад авторов

А. Ш. Джумабаев – сбор архивных сведений и опубликованных источников о деятельности мастера казахских музыкальных инструментов К. Касымова, осуществление обмера строения изготовленных им домбр, подготовка текста, оформление списка источников.

А. Р. Бердибай – корректировка плана статьи, систематизация материала, редакция текста, написание аннотации.

Кіріспе

1917 жылдың қазанында Ресейде өткен тарихи оқиғалар сол мемлекет қарамағындағы елдердің де жаңа әлеуметтік-экономикалық формацияға өтіп, мәдени дамуының бағыттарын айқындағаны белгілі. Музыканы мықты идеологиялық әсер ету құралы екенін есте ұстаған үкімет оны еңбекшілерге жақындату мақсатында топтық орындаушылық формаларына жіті назар аударды. Бұл туралы зерттеушілер Сергей Семаков және Ирина Семакова: «1917 жыл төңкерісінен кейін Кеңес өкіметінің жетекші идеологиялық қызметкерлері мен музыканттардың назары еңбекшілерді ұжымдық музыкалық қызметке жаппай тарту мәселесіне аударылды. Осы орайда оркестрлік және хор музыкалық практикасы басты назарда болды»¹, – деп жазады (274). Сол тарихи-саяси ахуалдың нәтижесінде көшпелі-патриархалды жүйеден отырықшылыққа бет бұрған еліміздің мәдениетінің одан арғы даму жолдары еуропалық академиялық үлгімен және Ресей мәдениеті ықпалымен байланысты болғаны көпшілікке аян. Осы алынған бағыттың кейбір жеке ұлттық дәстүрлердің дамуына теріс әсерін тигізгені туралы пікірін Динара Булатова мен Айшат Гаджиева: «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы саяси оқиғалар Ресей Империясының/ Кеңес Одағының тағдырын өзгертті: дәстүрлі мәдениеттің барша тараптары бірыңғай жолға түсіріліп жаһандандырылды, сондықтан кейбір байырғы халықтардың және кейбір этникалық және жергілікті топтар мәдениеті жойылу алдында тұрды...»², – деп келтіреді (541).

1934 жылы қазақ күйшілерінен құралған ұжымды ұйымдастыру идеясының жүзеге асуы алдымен сол топты бір типтегі домбыра аспаптарымен қамтамасыз ету әрекетінен – Музыкалық-драма техникумы жанындағы Экспериментті музыкалық аспаптар шеберханасы ашылуынан басталды. Ағайынды Романенколар бастаған бұл іс тарихи-музыкалық қажеттіліктерге байланысты дамып, бірқатар басқа шеберлер өнерінде жалғасты. Сол қатарда есімі алғашқылардың қатарында аталатын тұлға – Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері, шебер Қамар Қасымов (1883–1966) болды. (1-ші суретті қараңыз).

Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің³ құрылымы Ресейдегі В. Андреев орыс халық аспаптар оркестрінің үлгісі бойынша қалыптасқаны әдебиетте көрсетіледі (Жұбанов, 201; Гизатов, 12). Зерттеуші М. Имханицкий ол ұжымның балалайкашылар тобы



1-ші сурет. Қ. Қасымов суреті. ОМА. 1823 қор, 3 тізімдеме, 85 іс, 2 топтама.

- 1 Авторлар аудармасы.
- 2 Авторлар аудармасы.
- 3 Әртүрлі кезеңдерде оркестр төмендегідей атаулармен белгілі болды:
 - ҚазАтком атындағы ұлттық оркестр;
 - Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі;
 - Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі;
 - Қазақтың Мемлекеттік Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрі;
 - Құрманғазы атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі;
 - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі;
 - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі.

өнерінен (1888) басталып, аспаптардың академиялық музыка үлгілерін орындауға мүмкіндіктерін арттыру мақсатында оларға реконструкция жүргізіліп, дыбыстық жүйесі диатоникадан хроматикалық жүйеге ауысқанын жазады (145). Репертуарына ұлттық және батыс еуропалық классика үлгілері кірген ұжымдық орындаушылықтағы аспаптарға реконструкция жасау олардың, жоғарыда көрсетілгендей, концерт залдарында акустикалық мүмкіндіктерін күшейтуге бағытталумен қатар, көркемдік идеяны дұрыс жеткізу мақсатында әртүрлі тембрдегі аспаптарды өзара тиімді үйлестіру үшін де қажет болды. Бұл мәселенің басқа ұлт мәдениеттеріне де үлкен маңыздылығы «Тембр: дыбыстан – мағынаға» жинағындағы Линлан Жу және Стефен МакАдамстың «Аспаптық диададағы дыбыстың естілген және ойдағы бейнесінің салыстырылуы» мақаласында көрсетілген. Авторлар: «Әртүрлі музыкалық айналымдарда тембрлердің өзара үйлесуі дыбыстар мен музыкалық ой-тұжырымның қалыптасуының негізі», – деп жазады (2024).

Биыл еліміздің сол ең алғаш құрылған Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің (1934 жылы КазЦИК, ал 1944 жылы – Құрманғазы атын иеленген) 90-жылдық мерейтойын атап өткелі отырғаны белгілі. Оның қалыптасып, осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан шығармашылық жолына арналған тарихи сипаттағы бірқатар еңбектер жарық көргенімен, оркестрдің негізі болып табылатын музыка аспаптарының жетілдіру тарихы, оған атсалысқан шеберлердің, оның ішінде Қ. Қасымов өнері егжей-тегжейлі ашылмаған. Мақала тақырыбының өзектілігі осында. Оның мақсаты – шебердің 1930–1960 жылдары Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің аспаптарын жетілдірудегі тарихи еңбегін ашып айқындау болып табылады. Мақаланың зерттеу міндеттері: 1) Қ. Қасымовтың өмірлік және шығармашылық жолы және қазақ оркестрі аспаптарын жетілдіру тарихы туралы дереккөздермен танысу; 2) ішектерінің дайындалуы мен перне байлау жүйесін қарастыру; шебер қолданған батысқазақстандық домбыра қалыбы және шығысқазақстандық домбыраның өлшемдерін анықтау; 3) домбыра бөліктерінің Қ. Қасымов қолданған дәстүрлі атауларын көрсету; 4) зерттеу жұмысы еліміздің 1930–1960 жылдары Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі тарихы, музыкалық шеберхана мен Қ. Қасымовтың өнеріне байланысты жарияланған еңбектер мен архивтік құжаттарға, шебердің жасаған аспаптар фотосуреттеріне және шығысқазақстандық домбыраларын зерттеуге сүйеніп дайындалды.

Музыка аспаптарының шебері Қ. Қасымов өнері туралы пікірлер отанымыздың және шетелдің көрнекті қоғам қайраткерлері (Т. Жүргенов, Л. Дамба және т. б.), еліміздің белгілі жазушылары (Ғ. Мүсірепов, С. Бақбергенов, Қ. Тоғызақов және т. б.) және музыка зерттеушілерінің (А. Жұбанов, Б. Гизатов, Б. Сарыбаев және т. б.) естеліктері мен көпшілікке арналған мақалаларында жарық көрді. Ол жарияланымдардың көбінде музыка шеберінің қазақ халық аспаптарын жетілдірудегі еңбегі жалпы аталса, архивтік құжаттарда оның музыкалық мәдениетімізге қосқан қомақты үлесі анық ашылады. Қ. Қасымовтың өз өнері – аспап жасау ерекшеліктері туралы ой-тұжырымдары А. Бәделхан мен З. Жәкішеваның «Қамар Қасымов» (146) кітабында жарияланды. Сондай ақ, бұл еңбекте қазақ және орыс тілінде шебердің аты аталған және ол туралы арнайы жазылған этномузикатанушылар, жазушылар, журналисттер, қоғам қайраткерлерінің мақалалары, пікірлері, тілектері

және арнаулары топтастырылған. Отандық оқушыға кең тарамағанынан, оның мазмұны еліміздің этноорганология мамандары назарынан тыс қалды. Ұсынылып отырған мақалада ғалымдарға музыка шебері туралы қазіргі заманға дейін беймәлім деректер келтіріліп, олардың ХХІ ғасыр домбыраларымен байланысы, Қ. Қасымовтың музыка аспаптарын жетілдірудегі ізденістері көрсетіледі. Мақалада кешенді және жүйелі тәсілдер, жүйелі-этнофониялық (И. Мациевский), және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Домбыра қалыбы мен аспаптың шығысқазақстандық түрінің зерттелуінде морфологиялық және эргологиялық талдау ұсынылған.

Қ. Қасымов істеген музыкалық аспаптарды зерттеудегі бірінші қиындық – олардың шанағының ішінде шебер есімінің жазылмауымен байланысты. Сол себепті осы күнге дейін жеткен Қ. Қасымов аспаптарының нақты санын айту мүмкін болмай отыр. Бұл ретте Еуропа музыка шеберлері қалыптастырған мұндай дәстүрді отандық шеберлер шамамен өткен ғасырдың соңғы ширегінен ғана бастап жалғастыра бастағанын айтуға болады. Қ. Қасымовтың жасаған домбыраларының Алматы қаласы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайының қорына Баян-Өлгей театрының оркестрінен әкелінген біреуінде ғана оның авторының есімі жазылған. Жалпы, мұражайлардағы Қ. Қасымов аспаптарына өте жеткіліксіз дәрежеде түсініктемелер берілген. Сол себепті шебер жасаған домбыралардың көбін олардың баспасөз беттерінде жарияланған фотосуреттері мен архив құжаттарындағы деректерге сүйеніп анықтауға тура келді. Сонымен қатар, шебер домбыра қалыбын Батыс Қазақстан аспабына арнап дайындап, сол типтегі домбыраны жасау туралы нұсқаулық жазып кеткенімен, ондай аспапты мұражайлардан алып зерттеу мүмкін болмады. Сондықтан аталған аймақ домбырасының шебер өлшемдерімен қатар қойылып, салыстыру зерттемесі қамартанудың келесі кезеңінде жүзеге аспақ. Мақала дайындалу барысында Қ. Қасымовтың домбыра қалыбы және шығысқазақстандық үлгідегі домбырасы өлшеніп зерттелді.

Нәтижелері мен талқылау

Шебердің өмірлік-шығармашылық жолын шартты түрде 2 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның алғашқысы – 1893–1934 жылдар, ал екіншісі – 1934–1966 жылдар кезеңдері.

Алғашқы кезең. Арғынның айдабол тармағынан тараған аға сұлтан – Шоң бидің (1754–1836) төртінші ұрпағы болған Қ. Қасымов (1893–1966) Баянауыл өлкесінде дүниеге келді (Жанкин 11). Арабша, орысша және қазақша сауат алған оның жасынан қолөнерге жақын болуына қазақтың оюларына өте шебер болған атасының ықпалы тиді (Беделхан және Жәкішева, 131). Музыка аспаптарын жасаған жергілікті шеберлерден үлгі алған Қ. Қасымов өз өнерін 1917 жылы Омбыдан Баянауылға келген атақты қолөнер ұстасы Комаров Захардан үйреніп, әрі қарай ұштайды (Жанкин 13). «Бай тұқымы» деген жала жабылып, бүкіл мүлкі кәмпескеленген Қамардың 1931–1932 жылдары қазақ даласын жайлаған ашаршылық кезінде әйелі мен екі баласы қайтыс болып, оны туысы Қ. Боқанов өзімен бірге алдымен Семейге алып кетіп, кейін ол біршама уақыт Қырғызстанда болып, сонан соң Алматыға келеді.

Екінші кезең. 1934 жылы 21 маусымда өткен Бүкілқазақстандық халық таланттар слетінде шебер Қамар Қасымовтың қолөнері жоғары бағаланып, сол іс-шарадан соң ол Музыкалық-драма техникум шеберханасына ұлттық музыка аспаптарының шебері ретінде жұмысқа тұрып, 1935 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясы құрылғанда Нарком Т. Жүргеновтың 1935 жылғы 19 сәуір айындағы № 231 бұйрығымен Қ. Қасымов, Э. Романенко, А. Ермеков және т. б. шеберлер оның жанынан ашылған тәжірибелі шеберханаға жұмысқа ауысады (№ 231-2 бұйрық). Бұл мекеменің қарымды қарқынмен жұмыс істегені ұжымның сол кездегі есептерінен байқалады. Мысалы, оның 1935 жылғы есебінде 1 қаңтардан 28 наурыз айы аралығында Қасымов 5 дана шығысқазақстандық және 2 дана батысқазақстандық домбыралар жасағаны туралы деректер келтіріледі (№ 231-16 бұйрық).

Аз уақыт ішінде «аяғынан тік тұрған» КСРО-да қазақ музыкалық аспаптарын шығаратын жалғыз шеберхана, шын мәнінде, тек өндірістік кәсіпорын ғана емес, сонымен қатар, қазақ домбырасын және басқа да ұлттық аспаптарды жақсарту, жаңғырту, олардың стилі мен дыбысын сақтау, мүмкіндіктерін кеңейту және байыту бойынша байыпты жұмыс жүргізетін ғылыми-зерттеу мекемесі болды. Домбыра аспабын жетілдірудегі Қамар Қасымовтың қомақты еңбегін оның Алматы қалалық архивінде сақталған шығысқазақстандық (қалақ тәрізді) және батысқазақстандық домбыралар жасағаны үшін алған рационализаторлық куәліктері айғақтайды (2-ші суретті қараңыз).

Домбыра. XVIII ғасырда этнографтар назарына бастап түсе бастаған домбыра құрылымының толығырақ сипаты, оның ішінде аймақтық түрлері мен музыка ерекшеліктері туралы құнды деректер XX ғасырда А. Жұбанов, Б. Сарыбаев, Б. Ғизатов, Б. Аманов, Ә. Мұхамбетова, Ж. Нәжмеденов және т. б. ғалымдар еңбектерінде көрсетіліп, XXI ғасырдағы зерттелуі С. Өтеғалиеваның заманауи әдістемеге сүйеніп жазылған еңбектерінде жалғасқаны белгілі.



2-ші сурет. Қ. Қасымовтың рационализаторлық куәліктері. Алматы қалалық архиві. 435 қор, 26 тізімдеме, 1 іс.

Шанағының пішіні, мойнының ұзындығы, перне саны, таралу аймағы және т. б. көптеген ерекшеліктеріне байланысты бұл шертпелі хордофонның екі түрі бар. Батыс Қазақстан домбырасының мойны ұзын, диапазоны 2 октава. Шығыс Қазақстан күйлерінің ән тектес табиғатына сәйкес жергілікті домбыра мойны қысқа, диапазоны 1,5 октава. Аталған екі аспаптың сыртқы көрінісінде де, жасалу жолдарында да айырмашылықтар бар. Олардың негізгілері: Арқа домбырасы көбіне мойны қысқа, шанағы шауып жасалады, ал мойны ұзындау болып келетін Батыс өлкесі домбырасын шеберлер жартылай шауып, көбінесе қиып істейді. Диапазонының кеңдігінен, мұндай аспапты қазіргі кезде әртүрлі аймақ дәстүріндегі әншілер де қолданады.

Дәстүрлі шеберлер музыка аспаптарының құрылымын қарыстап өлшегені белгілі. Мұндай өлшем жүйесі өзбек және түркімен шеберлерінде де болған. Бұл мәселені зерттеген кейбір ғалымдар сол аспаптардың халықтық өлшемін сантиметр, миллиметр және дюймге аударды (Беляев 10). Қ. Қасымовтың айтуынша, «қазақ домбырасының ұзындығы “екі қарыс”, “екі елі”, ал мойны ұзындығы “екі қарыс, сынық сүйем” болады» (Бәделхан және Жәкішева, 144).

Оркестрге арналған аспаптар жасайтын шеберхана ашылысымен, оның аспап жасауда қандай материалдар мен желімді (клейді) қажет ететіні және лак жағудың шарттары анықталды. Енді оның жұмысында жоғарыда көрсетілген дәстүрлі «қарыс», «сүйем», «екі елі» деген сөздер қолданылмай, өлшем сантиметрмен есептеле бастады. Біз шебердің халықтық өлшемдерінен сантиметрге аударылғанына сүйене отырып, В. Беляев әдісін ұстандық. Қ. Қасымов сантиметр есебімен домбыра мойнының ұзындығын 51 см болатынын айтады (Бәделхан және Жәкішева, 144), сантиметрді миллиметрге аударып, оны әрі қарай дюймге келтіргенде 20,0787 (51 см = 520 мм = 20,0787) шығады. Қысқа мойынды домбыраның ұзындығы «бір қарыс, төрт елі» – 32 см немесе 320 мм – 12,5984 дюймге тең. Бетінің ені «сынық сүйем, бір-екі елі» – 15 см, 150 мм – 5,90551 дюйм болып есептеледі. Ұзын мойын домбыра беті де осы өлшемде болады, ал ұзындығы «екі қарыстысы» 36,5 см – 365 мм – 14.3701 дюймге тең.


Домбыра қалыбы. Оркестрлік орындаушылық формасы аспаптардың бір қалыпқа сүйеніп жасалуын талап етті. Осы ретте Қ. Қасымов домбыраны құрамас бұрын аспаптың шанағын, мойнын бір жүйеге келтіріп бекітетін қалып⁴ (шаблон) ойлап шығарды. Бұл қалып Павлодар қаласындағы Майра Шамсутдинова атындағы өлкетану мұражайының ішінде Қ. Қасымовқа жасалған арнайы бұрышта тұр (3-ші суретті қараңыз).

Шанақ қалыбының мойнынан түймеге дейінгі ұзындығын өлшегенде, ол $l^5 = 40$ см құрайды. Қалып мойнының өлшемінің ұзындығы: $l = 12$ см, көлденеңінен: $a = 5$ см. Бет тақтайдағы қалқаның (шпон) ені, бас жағы: $a = 9,5$ см, ортасы: $b = 12,5$ см, ал аяқ жағы немесе домбыраның бауыры: $l = 16,5$ см. Үндік⁶ тұсы: $b = 20$ см. Қалыптың артқы

4 Домбыра шанағының пішінін бір қалыпта жинап, желім кепкенше ауытқымай тұратын ағаштан жасалған құрылғы.

5 Аспап ұзындығының өлшемі – l , ал енінің өлшемі a және b деп белгіленді.

6 Үндік – домбыраның бетіндегі дыбыс шығаратын ойығы. Ресей этнографиялық музейіндегі (Санкт-Петербург қ) қазақ домбыраларының бет қақпағында бірнеше дыбыс шығаратын ойық және шығысқазақстандық үлгідегі қалақ домбыраның дыбыс шығаратын ойығы аспаптың шанағының жанынан ойылған.



3-ші сурет. Қ. Қасымов жасаған домбыра мен қобыздың қалыбы. Павлодар қаласы, Майра Шамсутдинова атындағы ән шығармашылығының Мұражай-үйі қоры.

құрылысы көлденеңінен: $a = 21$ см, түйме бекітетін жері: $a = 16$ см. Жеке мойын таяғы, жалпы ұзындығы: $l = 57$ см, бас жағын көлденеңінен есептегенде: $a = 5$ см, ортасы: $b = 6,5$ см, желкелік жағы: $b = 10$ см. Жоғарыда көрсетілген өлшемдерді шығармас бұрын, мақала авторлары Қ. Қасымов қолынан шыққан домбыраны құрайтын құрылғының (қалып) өлшемін алдын ала есептеп алды. Нәтижесінде домбыра мен қалыптың аралығындағы өлшем бірлігі шығарылды. Міне, осындай қалып арқылы қазіргі заман шеберлері де домбыраның шанақтарын мойынға құрап бекітіп, әбден кепкен соң, аспапты қалыптан шығарып, мойнын жонып, бет қақпағын желімдейді.

Шебердің домбыра шанағын құрағанда қалыппен қалай жұмыс жасағанын Мемлекеттік Орталық кино және фото құжаттар архивінде сақталған «Советтік Қазақстан» киножурналы бағдарламасының № 223 «Домбыра шеберлері» атты бейнефильмінің QR-коды арқылы көруге болады (4-ші суретті қараңыз). Бұл жерде Батыс Қазақстан домбырасын Қ. Қасымов құраса, Шығыс Қазақстан домбырасын М. Романенко жасап жатқаны бейнеленген.




4-ші сурет. Домбыра шеберлері. ҚР. ОМКФДЖА №223. Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архиві.

Домбыра пернесі. Қ. Қасымов қойдың ішегінен жасалған домбыра пернесін «бунақ» деп атаған. Пернелердің материалын таңдағанда, шебер бунақты тұрақты қылып, қатты темірден немесе жезден жасаса, таққан ішекті қиып шыдатпайтынын, сол себепті аспап мойнына тағылатын перне ішектен болуы шарт екенін көрсетеді. Керісінше, ішегі сым болып, пернесі қиылып кететіндіктен, плекторлы сым ішекті домбыраның пернелері жезден, темірден, күмістен тұрақты болып орнатылады (Бәделхан және Жәкішева, 153).

Қ. Қасымов домбыраның құрылысына тоқтағанда, оның төмендегідей бөліктерден құралатынын айтқан: 1) Домбыраның бас жағы. Оған екі құлақ және шайтан тиек кіреді. 2) Домбыраның мойын жағы. Аспаптың бұл бөлігіне мойны, бетіндегі бастырмасы (накладка), нүктелері және мойынға байланған пернелері кіреді.

Перне 0,6 мм ішекпен байланады. 3) Домбыраның кеудесі. Бұған шанақтың 9 бөлігі, мойын мен шанақты біріктіретін желкелік ағаш, шанақтың жиегіндегі кемер ағашы кіреді. Бет қақпағы, оның ішкі жағындағы серпері (пружина), қақпақты мойын жағындағы қалқасы және бет қақпағындағы екі жердегі өрнектері кіреді. Аспаптың дыбыс шығаратын ойығын шебер үндік деп көрсеткен. Сонымен қатар, шанақтың аяқ жағын біріктіріп ұстап тұрған тұжым⁷ ағашы, тиек, түйме және екі ішегі жатады (Бәделхан және Жәкішева, 9). (5-ші суретті қараңыз).



Домбыра құрамы.

5-ші сурет. Қ. Қасымовтың суретке салып кеткен домбыра құрылысы бөлімдерінің атаулары. Бәделхан, Айтжан, және Забира Жәкішева. Қамар Қасымов. Павлодар, ЭКО ҒӨФ, 2004, 206 б.

Қ. Қасымов атын келтірген домбыра бөліктерінің кейбірін (шанақ, мойын, құлақ, тиек, ішек және қақпақ) қазіргі заман шеберлері де қолданғанымен, бірқатарының балама атаулары бар. Мысалы, шебер Жолаушы Тұрдығұлов домбыраларында Қамар Қасымов көрсеткен желкелік – «мойынтұғыр», бастырма – «мойынғақ», қалқа – «қабыршақ», тұжым – «тұғыл», бунақ – «перне», үндік – «дыбыс ойығы» деп аталады (Есенұлы 16).

Домбыраға ішек тағу. Шебер домбыраға ішекті тағарда екі ұшын салыстырып, жуандығының бірдей екеніне көз жеткізген соң⁸, түймеден қазықбау байлайды. Осылай байлағанда, ішектің екі жағын қанша тартса да, әрі-бері қозғалмайды, екі ұшы жағын құлақтың тесігінен өткізіп түйеді. Ішектің

- 7 Жалпы кішкене кесілген ағаштың ұш жағын тегістеп жұмырлап шабуды тұжырым дейді. Тұжырып шабу, белгілі бір істің қорытындысы, байламы, шешімі. Жаңұзақов Телғожа – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 8 Домбыраға тағатын малдың ішегінің жуандығы бірдей болу үшін, оны алдын ала жартылай кептіріп, ішектің бойындағы артық майларын алып тастап, ұршықпен иіреді.

ұзындығын Қасымов 188 см етіп алса, қазіргі шеберлер 2 м ұзындықта тағып жүр. Ұзындық мөлшерінің артықтығы орындаушыларға ыңғайсыздық туғызады.

Шығысқазақстандық (қалақ) домбыра. Аталған домбыра түрі Арқа, Жетісу, Алтай – Тарбағатай күй дәстүрлеріне тән екені белгілі. Зерттеу материалы ретінде алынып отырған Қ. Қасымовтың қалақ домбырасы Алматы қаласы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайының қорында сақталған. Аспап шанағының асты-үсті тегіс, төрт бұрышты. Мойны қысқа, дыбысы ашық, орындауға ыңғайлы және оны жасағанда көп материал жұмсалмаған. Аспап 15 бөлімнен құралған, шегеленбеген, желіммен қатырылған. Домбыраның жалпы ұзындығы: $l = 100$ см. Алақан ұзындығы: $l = 10$ см, көлденеңнен: $a = 5,5$ см. «Алақан» деп домбыраның шайтан тиекке дейінгі ең бас бөлігін атайды. Мұнда екі құлақ бекітіледі. Әрі қарай мойынды шайтан тиектен шанаққа бекіткен жерге дейінгі ұзындығы: $l = 50$ см, жалпақтығы: $a = 4,5$ см. Шанақтың мойынға (тұжым жағынан жоғары өлшегенде) дейінгі ұзындық өлшемі $l = 40$ см, ал тереңдігінің екі шеті: $l = 5,5$ см, ортасы: $l = 8$ см. Шанақтың артқы жағы (көлденеңнен): $a = 16$ см, ортасы: $a = 20$ см, алдыңғы бет қақпағының үндік жағы: $a = 22,5$ см. Шанақтың арты, мойынға дейінгі ұзындығы: $l = 41,5$ см, шеткі жағын өлшегенде: $l = 44$ см болды. Пернелер саны – 19, екі ішекті, түйме, үндік және тиегі біреу.

Қ. Қасымов өзі жасап, Ә. Хасенов, К. Әзірбаев, Ж. Елебеков, С. Мұқанов, Ш. Айманов сынды елімізге белгілі тұлғаларға сыйлаған қалақ домбыраларының фотолары мерзімді баспасөзде жарияланды. Ал 1949 жылы шебердің И. Сталинге домбыра сыйлағанын Қазақ мемлекеттік Орталық кино және фото құжаттар архивінде сақталып, QR-кодпен берілген деректі фильмі растайды (6-шы суретті қараңыз).



6-шы сурет. Қ. Қасымовтың И. Сталинге сыйға берген домбырасы. ҚР ОМКФДЖА №194 Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архиві.

Шебердің 1950-ші жылдары атақты әнші Ж. Елебековке жасаған қалақ домбырасы бітеу ағаштан шауып жасалған. Сонымен қатар, қазіргі заман шебері Ж. Тұрдығұловта сақталған Қ. Қасымов қолынан шыққан қалақ домбыраның тағы бір түрі тұтастай үйеңкі ағашынан шабылып жасалған. Жалпы саны 14 болып келетін домбыра пернелері құлақ күйін келтіріп, жылжытып отыратын диатоникалық тәртіппен орнатылған. Қ. Қасымов домбыраларының бірқатарының шанағын айналдыра, бет қақпағының сыртқы жиегін меруертпен оюлап әшекейлеген, ал үндіктегі оюды малдың сүйегін ерітіп құйып салған (7-ші суретті қараңыз).

Оркестрге арналған аспаптар. Қазақ ұлттық аспаптар оркестріндегі домбыра да дыбыс бояуларына қарай, бірнеше түрге бөлінді. Мұндай жолмен жасалған домбыраның жаңа түрлерінің сапасы бірден кемел болмағаны Қазақстан Республикасы Орталық архивіндегі құжаттар мазмұнынан байқалады. Кәсіби жолға түсіру үшін оларды көп жылға созылған жетілдіру кезеңінде Қ. Қасымовқа оркестр мамандарының ақыл-кеңестері мен өзінің әріптестері тәжірибесінің пайдасы тигені анық (Музыкалық қызметкерлер комиссиясы кеңесінің қазақ халық аспаптары шебері Қасымов Қамардың жұмысы туралы 1939 жылдың 5 қарашасындағы хаттамасы).



7-ші сурет. Қ. Қасымов жасаған шығысқазақстандық үлгідегі қалақ домбыра. Алматы қаласы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайының қоры.

күйі келтірілетін (винтовая система) дауылпаз; 1956 жылы – домбыра тобына жататын өте сапалы домбыра секунда, альт және тенор аспаптарының алғашқы даналары) көп енгізгенінен, оркестрдің техникалық және динамикалық мүмкіндіктері артқанын және домбыра тобының ортаңғы регистрдегі дыбыстық шкаласының біркелкі емес (дыбыс жүйесі бойынша октавалар) жерлерін толтырғанын» айтқан (Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі Ш. Қажығалиевтің 16.02.1962 ж. жолдас Қасымов Қамарға берген анықтамасы).

Көрсетілген кезең, яғни, 1957–1958 жылдары қазақ ұлттық аспаптарын жетілдіру тарихының екінші кезеңі болып саналады⁹. Қ. Қасымов өзінің жасаған домбыра және қобыз тобындағы аспаптарына қазақша ат қойған. Алғашқы топты шебер аспаптардың партитурада орналасу реті бойынша, жоғарыдан бастап белгілейді: *Домбыра пикколо* дыбысы шикылдап шыққанынан – «Күзен», *прима* дыбысы сайрап тұрғанынан – «Бұлбұл», *секунда* дыбысының сүйкімділігінен – «Сүйкім», *альт* – *бас пен тенор* аралығы қашық болғанынан – «Жалғау», *домбыра тенорды* дыбысы өте майда естілгенінен – «Жібек», *домбыра бас* аспабын үніне сәйкес – «Маңғаз», *контрабасты* үлкендігіне байланысты – «Піл» деп атаған. Ал қобыздар тобын, керісінше, төменгі тембрдегі аспаптардан бастап: *Қобыз контрабас* үлкендігіне байланысты – «Нар», *қобыз альт* сол топтағы жуан дыбысты аспаптардың (қобыз бас және контрабастың) жеткіншегі болғанынан – «Боздақ», *қыл қобызды* қыл ішекті халықтық аты сақталғанынан – «Қобыз» деген. *Қобыз приманы* дыбысының оңдылығына байланысты «Бота» деп атаған. Осы жерде ескерілетін маңызды нәрсе Қ. Қасымовтың

Қ. Қасымовтың 1940-шы жылдары Қарағанды облысы Осакаровка музыка комбинатына барып, шеберлерге өнерін үйретіп, аспаптарды жетілдіру жұмысын жалғастырғаннан кейінгі кезең 1950-ші жылдары Мәскеу эксперименталды шеберханасындағы жұмысымен байланысты. Бұл кезеңде ол Кеңес Одағы астанасына Мәскеуде өтетін Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне орай халық аспаптар оркестрі аспаптарын жетілдіру мақсатымен екі рет барғаны белгілі. Соның нәтижесінде дайындаған музыка аспаптары оркестр мамандарының жоғары бағасына ие болғаны бірқатар ресми құжаттарда көрсетілген. Құрманғазы оркестрі аспаптарын жетілдіруде Қ. Қасымовтың өнерін жоғары бағалаған Ш. Қажығалиев шеберге 1962 жылы 16 ақпан айында берген анықтамасында оның: «ондаған жылдар бойы қазақ халық аспаптарын қайта құрып, тынымсыз еңбегінің арқасында қазақ музыкалық аспаптарына конструктивтік жаңашылдықты (1949 жылы – домбыра пикколо; 1953 жылы – құлақ

⁹ Кейбір ғалымдар еңбектерінде бұл кезең 1934–1970 жылдары арасын қамтитын алғашқы кезеңге жатқызады (Недлина 37).

жасаған қобыз бас аспабына 1940 жылы Жазушылар Одағы – «Қамар қобыз» деген ат береді (Бәделхан және Жәкішева, 170). Шебер арнайы атау беріп кеткен аспаптардың бірқатары ұлттық аспаптарымыздың көбі секілді шығарған дыбысының ерекшелігіне байланысты аталса, кейбіреулері көлеміне (домбыра контрабас және қобыз контрабас), көрші тембрлер арасындағы қызметі мен орнына (домбыра альт) негізделіп белгіленеді. Ал қобыз тобындағы альт және приманы атағанда, бір жағынан, жоғарыда көрсетілген критерийлер ескерілсе, екіншіден, қобыз аспабының қалыптасуындағы түйе бейнесіне байланысты мифологиялық дүниетанымға үлкен мән берілген.

Шебердің халық аспаптарын жетілдірудегі еңбегі шетелде де жалғасты. Моңғолиядағы қазақ халық аспаптары оркестрін аспаптармен қамтамасыз етуде оның рөлі зор болды. Зерттеуші Н. Дамдин 1961 жылы «Соел утга» газетінің № 45 санында берген сұхбатында Баян-Өлгейде құрылған оркестрдің 40 аспабын Қ. Қасымов жасағанын, артистерге нота үйреткен Х. Тастанов екенін жазады (Бәделхан және Жәкішева, 80). Шебердің сол сапарындағы еңбегі биік бағаланып, ол Моңғолияның ең жоғарғы наградасы – «Алтын жұлдыз» орденімен марапатталды.

Қ. Қасымовтың Моңғолияда 1959 жылы жасаған бас домбыра және қыл қобыз аспаптары қазіргі кезде Алматы қаласы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайының қорында сақтаулы. Оларды 1992 жылы 27 сәуірінде шебер шығармашылығын сол кезде зерттей бастаған аталған музей қызметкері Зәбира Сыпатайқызы Жәкішева қабылдаған. Домбыра бас аспабы (8-ші суретті қараңыз) шебердің 1935–1957 жылдар аралығында Құрманғазы оркестріне жасаған нұсқаларына ұқсайды. Музей қорында сақталған бұл жәдігер Құрманғазы оркестрінің алғашқы кезеңдеріндегі музыкалық аспаптары тарихынан хабар береді.



8-ші сурет. Қ. Қасымовтың Моңғолияда жасаған бас домбырасы. (Шанақтың ішінде шебердің аты жөні, қай қалада және қай жылы жасалғаны белгіленген). Алматы қаласы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұражайының қоры.

Қорытынды

1. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің 1930–1960 жылдарында қалыптасып дамуында оған жетілдірілген аспаптар жасап шығару ісіне қатысқан шебер Қ. Қасымовтың қосқан үлесі көп болды.
2. Арқа өңірінің атақты әулетінен шыққан бұл тұлға қолөнерінің қалыптасуына жергілікті жердегі қазақ және орыс шеберлері өз үлесін тигізді.
3. Қ. Қасымов өнері туралы архив деректерінде оның домбыраның батыс және шығысқазақстандық түрлерін істегені айғақталып, олардың ішінде батыс аспабы жасалу технологиясы көрсетілген. Яғни, Қ. Қасымов домбыра жасаудағы

- еңбек үдерісінің іске асуын алғаш рет түсіндіріп жазып, домбыраның қазіргі заман мамандарына беймәлім кейбір бөлімдерінің атауларын көрсеткен алғашқы шебер.
4. Білікті маман ретінде Қ. Қасымов Алматы шеберханаларымен қатар, Қарағанды облысы, Осакаровка фабрикасы жанынан ашылған Музыкалық аспаптар комбинатына және Монғолияның Баян-Өлгей аймағы театрының қазақ халық аспаптар оркестріне кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, мамандар дайындауға үлкен септігін тигізді.
 5. Қ. Қасымовтың еңбек жолының шарықтау кезеңі 1950-ші жылдарымен сәйкес келеді. Сол кезде маман Мәскеу Эксперименталды музыкалық шеберханасына барып, жергілікті шеберлермен тәжірибе алмасты.
 6. Қ. Қасымовтың отызжылдық еңбек жолы үздіксіз ізденіспен өтті. Соның нәтижесінде ол қазақ аспаптар оркестріне домбыра, қобыз және ұрмалы аспаптардың жаңа түрлерін енгізіп, кәсіби мамандардың жоғары бағасын алды.
 7. Ұсынылған мақала отандық этноорганология саласында аталған тұлға өнерін қарастыруға арналған зерттеулердің басы. Мұнда шебер өнерін айғақтайтын бірқатар архив құжаттарының тың деректері келтіріліп, Қ. Қасымов жасаған батысқазақстандық домбыра қалыбы және шығысқазақстандық домбыра өлшемдері алғаш рет зерттелді.
 8. Қ. Қасымов аспаптарының авторлық қолтаңбасын анықтау үшін шебер жасаған аспаптарды іздестіру жұмысын жалғастырып, ол нұсқаларды зерттеген соң, басқа шеберлер нұсқаларымен салыстыру қажет.

Дереккөздер тізімі

- Butatova, Dinara, and Aishat Gadjeva. "Bowed Instruments of the Turkic-Mongol Peoples of Siberia from the Collection of the Russian Museum of Ethnography." *Vestnik of Saint Petersburg University. Arts*, vol. 8, no. 4, 2018, pp. 540–566. DOI: 10.21638/spbu15.2018.401. (Ағылшынша)
- Nedlina, Valeriya. "Neotraditionalism and Innovations in Kazakh Instruments and Music-Making." *Saryn*, vol. 11, no. 4, 2023, pp. 34–53. DOI: 10.59850/SARYN.4.11.2023.33. (Ағылшынша)
- Zhu, Linglan, and Stephen McAdams. "Comparison of Heard and Imagined Blends of Instrumental Dyads." *Music & Science*, 7, 2024. DOI: 10.1177/20592043241246751. (Ағылшынша)
- Беляев, Виктор. *Руководство для обмера народных музыкальных инструментов [Халық музыка аспаптарын өлшеуге арналған нұсқаулық]*. Мәскеу, Государственное музыкальное издательство, 1931, 62 б. (Орысша)
- Бәделхан, Айтжан, және Жәкішева Зәбира. *Қамар Қасымов*. Павлодар, ЭКО ҒӨФ, 2004, 206 б.
- Гизатов, Бисенгали. *Казахский оркестр имени Курмангазы: Очерк творческого пути [Құрманғазы атындағы қазақ оркестрі: шығармашылық жолының очеркі]*. Алматы, Ғылым, 1994, 205 б. (Орысша)
- Деректі фильм*. Режиссер Хаким Давлетбеков, оператор С. Шарипов. 1949 ж. Алматы көркем сурет және хроникалық киностудиясы. Орталық мемлекеттік кино және фото құжаттар мұрағаты, № 194.
- Домбыра шеберлері*, деректі фильмінің үзіндісі. ҚР Орталық мемлекеттік кино және фото құжаттар мұрағаты, № 223.
- Есенұлы, Айтжан. *Күй – Тәңірдің күбірі*. Алматы, Дайк-Пресс, 1996, 208 б.
- Жанкин, Абдухаб. *Қ. Қасымов. А. Жанкиннің Павлодар облысы жас музыка аспаптар шеберлерінің конкурсында сөйлеген сөзі*. Павлодар қ., Қазақ драма театры 19.12.2002. Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алматы қаласының мемлекеттік архиві». Қор 435, тізімдеме 1, іс 22, 3. Жакишева мұқабасы.
- Жұбанов, Ахмет. *Ән күй сапары*. Алматы, Ғылым, 1976, 478 б.
- Имханицкий, Михаил. *Становление струнно-щипковых народных инструментов в России. Учебное пособие для музыкальных вузов и училищ [Ресейдің ішекті-шертпелі халық аспаптарының қалыптасуы. Музыкалық университеттер мен колледждерге арналған оқу құралы]*. Мәскеу, Гнесиндер атындағы РМА, 2008, 370 б. (Орысша)
- Куәліктер*. 3. Жәкішеваның Қ. Қасымов туралы құжаттардың папкасы. Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алматы қаласының мемлекеттік архиві». Қор 435, тізімдеме 26, іс 1, 4 б.
- Приказ № 231 с2, 16. Казахская Краевая Экспериментальная мастерская национальных инструментов Наркомпроса КазАССР (г. Алма-Ата)*. Копии приказов Наркомпроса КазАССР и докладные записки Совнаркома КазАССР о работе Музастерской. Начало 23 февраль 1935, окончено 9 июля 1935 г. [№ 231 бұйрық. 2, 16 бб. ҚазКСР Халық Комиссариатының ұлттық аспаптарының Қазақ өлкелік эксперименттік шеберханасы (Алматы қ.). ҚазАССР халық комиссариаты бұйрықтарының көшірмелері және ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Музыкалық шеберханасының жұмысы туралы баяндамалары. 1935 жылдың 23 ақпанында басталып, 1935 жылдың 9 шілдесінде аяқталды]. (Орысша)

Протокол совещания Комиссии музыкальных работников о работе мастера по казахским народным инструментам тов. Касымова Камара от 5 ноября 1939 г. Председатель комиссии Б. Ерзакович. Казахская государственная филармония имени Джамбула. ЦГА РК Ф. 435, оп. 1, д. 26. [Музыкалық қызметкерлер комиссиясы кеңесінің қазақ халық аспаптары шебері Қасымов Қамардың жұмысы туралы 1939 жылдың 5 қарашасындағы хаттамасы. Комиссия төрағасы Б. Ерзакович. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы. ҚР ОМА. Қор 435, тізімдеме 1, іс 26]. (Орысша)

Семаков, Сергей, и Ирина Семакова. Домра в России: из истории становления и развития музыкального инструмента: историко-культурные очерки [Ресейдегі домра: музыкалық аспаптың қалыптасу және даму тарихынан: тарихи-мәдени очерктер]. Петрозаводск, А. К. Глазунов атындағы Петрозаводск мемлекеттік консерваториясы, 2022, 470 б. (Орысша)

Справка на тов. Касымова Камара, выданная заслуженным артистом Казахской ССР Ш. Кажғалиевым от 16.02.1962 г. [Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі Ш. Қажығалиевтің 16.02.1962 ж. жолдас Қасымов Қамарға берген анықтамасы]. Ш. Қажығалиевтің жеке мұрағаты. (Орысша)

References

- Badelkhan, Aitzhan, and Zabira Zhakishева. *Kamar Kassymov*. Pavlodar, ECO, 2004. (In Kazakh)
- Belyaev, Victor. *Rukovodstvo dlya obmera narodnyh muzykalnyh instrumentov [A Guide for Measuring Folk Musical Instruments]*. Moscow, OGIZ, 1931. (In Russian)
- Bulatova, Dinara, and Aishat Gadjieva. "Bowed Instruments of the Turkic-Mongol Peoples of Siberia from the Collection of the Russian Museum of Ethnography." *Vestnik of Saint Petersburg University. Arts*, vol. 8, no. 4, 2018, pp. 540–566. DOI: 10.21638/spbu15.2018.401.
- Documentary*. Directed by Khakim Davletbekov, cameraman Samat Sharipov, 1949. Alma-Ata Feature and Documentary Film Studio, Central State Archive of Film and Photo Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan, no. 194.
- Dombra Artisans*. Fragment of the documentary, Central State Archive of Film and Photo Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan, no. 223.
- Gizatov, Bisengaly. *Kazahskij orkestr imeni Kurmangazy: ocherk tvorcheskogo puti [Kurmangazy Kazakh Orchestra: a Creative Path Outline]*. Almaty, Gylym, 1994. (In Russian)
- Imkhanitskiy, Mikhail. *Stanovlenie strunno-shipkovykh narodnyh instrumentov v Rossii [The Formation of Stringed and Plucked folk Instruments in Russia]*. Moscow, Gnesins RAM, 2008. (In Russian)
- Minutes of the Commission of Musical Workers Meeting on the Activity of the Kazakh Folk Instrument Artisan, Comrade Kassymov Kamar, dated November 5, 1939*. Chairman of the Commission B. Yerkovich. Dzhambul Kazakh State Philharmonic. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, Fund 435, Reg. 1, File 26. (In Russian)
- Nedlina, Valeriya. "Neotraditionalism and Innovations in Kazakh Instruments and Music-Making." *Saryn*, vol. 11, no. 4, 2023, pp. 34–53. DOI: 10.59850/SARYN.4.11.2023.33.
- Order no. 231 c2, 16. Kazakh Regional Experimental Workshop of National Instruments of the Narkompros KazASSR, Alma-Ata. Copies of the Orders of the Narkompros of KazASSR and Memos of the Sovnarkom of KazASSR on the Work of the Music Workshop*. Started on February 23, 1935, ended on July 9, 1935. (In Russian)
- Reference written by the Honored Artist of the Kazakh SSR Shamgon Kazhgaliyev on Comrade Kamar Kassymov, dated February 16, 1962*. Personal archive of Sh. Kazhgaliyev.
- Semakov, Sergey. "Domra v Rossii." ["Domra in Russia."] *Iz istorii stanovleniya i razvitiya muzykalnogo instrumenta (istoriko-kulturnye ocherki) [From the History of the Formation and Development of a Musical Instrument (Historical and Cultural Essays)]*. Petrozavodsk, Petrozavodsk State University, 2022. (In Russian)
- Sertificates*. State Archive of Almaty, Fund 435, Reg. 26, File 1–4b. Folder of Zabira Zhakishева on Kamar Kassymov. (In Russian)
- Yesenuly, Aitzhan. *Kui – Tanirdin qubyry [Kyui is the Message of Supreme]*. Almaty, Daik-Press, 1996. (In Kazakh)

Zhankin, Abduakhab. *Kamar Kassymov*. A Speech on the Contest of Young Artisans of Musical Instruments at Pavlodar Kazakh Drama Theater, December 19, 2002. State Archive of Almaty, Fund 435, Reg. 1, File 22. Folder of Zabira Zhakisheva. (In Russian)

Zhu, Linglan, and Stephen McAdams. "Comparison of Heard and Imagined Blends of Instrumental Dyads." *Music & Science*, 7, 2024. DOI: 10.1177/20592043241246751.

Zhubanov, Akhmet. *An kui sapary [A Journey through Songs and Kyuis]*. Almaty, Gylm, 1976. (In Kazakh)